

+  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ  
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН  
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН  
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ  
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ  
ТОВАРОВ И УСЛУГ  
КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Қостанай қаласы

город Костанай

28.10.2020 г. № 52

**Қостанай облысының бас мемлекеттік  
санитарлық дәрігерінің 19.10.2020 жылғы  
№51 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар  
енгізу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 9, 36, 102, 104 және 107-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Карантиндік шараларды күшейту туралы» Қостанай облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 51 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) аквапарктердің қызметіне тыйым салу;»;

2) 1-тармақтың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«27) қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне 30 отыратын орыннан аспайтын, жұмыс режимін сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін орната отырып, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, ҚР МБДҚ №57 талаптарын сақтай отырып рұқсат етіледі, қалған уақытта тек шығаруға және жеткізуге жұмыс істеуге рұқсат етіледі;»;

3) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 47) -49) тармақшалармен толықтырылсын:

«47) ашық ауада аттракциондардың қызметіне рұқсат беру;

48) Қазақстан Республикасының чемпионаттары мен республикалық жарыстарды (бірыңғай республикалық күнтізбе бойынша) көрермендердің қатысуынсыз, тиісті аумақтардың бас санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған және бір мезгілде

100 адамнан аспайтын ҚР МБСДҚ № 57 талаптарын сақтаған жағдайда өткізуге рұқсат беру;

49) бір мезгілде 30 адамнан аспайтын күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беру.»;

4) қаулының бүкіл мәтіні бойынша «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 43 қаулысы» деген сөздер «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруларының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57 қаулысы» деген сөздермен ауыстырылсын, « ҚР БМСД №43 Қаулысы» деген сөздер «ҚР БМСД №57 Қаулысы» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қостанай облысының  
бас мемлекеттік санитарлық дәрігері**



**В. Нечитайло**